

Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткен № 1 алдын алу кеңесінің отырысы

Хаттамасы №1

19.09.2022 ж

Қатысқандар:

1. ДОІЖО Т. Бекбосынов
2. ДТІЖО М. Тунгишбаев
3. Мектеп педагог психологтары және ҚББП.

Күн тәртібінде:

1. Қыркүйек айының бірінші және екінші аптасы бойынша есеп.
2. Алдын алу кеңесі бойынша ой бөлісу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М.Тунгишбаев сөз алып қыркүйек айындағы тәрбиенің жылдық жоспарына сәйкес атқарылып жатқан жұмыстарына тоқталып өтті. Сонымен қоса оқушылардың тәртібі және соған байланысты мектеп оқушылары тарапынан мектеп президентінің сайлауы өтілгендігін хабардар етті. Мектеп президентінің көмекшілері және ұйым басшылары сайланып оқушыларды алдағы уақытта қоғамдық іс-шараларда, мектеп оқушыларын спорттық шараларға көптеп қатыстыратынын тілге тиек етті.

Алдын алу кеңесі бойынша ДОІЖО Т. Бекбосынов оқушылардың сабаққа қатысу деңгейі және сабақ үлгерімдері бойынша ортаға ой тастады. Осы мәселе бойынша жарыс сөзге кезектесіп шығып оқушыларды нақты қадағалау ұйғарылды.

Қаулы:

ДТІЖО М. Тунгишбаевтың тәрбиенің жылдық жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын. Оқушыларға сабақ барысында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

ДОІЖО:



М. Тунгишбаев

Хатшысы:

Ж. Исакова





2022-2023 оқу жылындағы Қ. Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 9 сынып оқушылары және ата-аналарымен өткен құқық кенесінің отырысының

ХАТТАМА № 1

28.11.2022 жыл

Қатысқандар: 1) Төлеби аудандық АПБ ЖПК ЮИП мектеп инспекторлары полиция майоры Б. Жолтаев. Полиция капитаны Д. Өрнекбай
2) ДТДЖО М. Тунгишбаев
3) Оқушылар және ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу
2. Әртүрлі мәселелері

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Тунгишбаев сөз алып ата-аналарға мектеп инспекторларын таныстырып, жиналысты ашып берді.

Келесі сөз кезегін мектеп инспекторы полиция капитаны Д. Өрнекбай алып Оқушылардың құқықбұзушылық әрекеттерін жасамауын ескертті.

Сонымен қатар зиянды заттар, маскүнемдік және алкоголизм туралы бірнеше мысалдар келтіріп осы тақырыптарға байланысты ата-аналар тарапынан балаларға көбірек көңіл аудару керектігін айтты.

Келесі сөз кезегін 9 «б» сыныбының сынып жетекшісі Ж. Ташболатова алып, мектеп инспекторларына әртүрлі мәселелер төңерегінде оқушылардың сабақтан себепсіз қалған жағдайда қандай шара көрілетіні туралы өз сұрағын қойды. Осы сұрақ бойынша полиция майоры Б. Жолтаев қанағаттанарлық жауаптар берді.

Шешім:

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түрлі жұмыстар өткізілісін, оқушылар сабақтан тыс уақытта ата-аналар тарапынан қадағалансын.

Мектеп директоры:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хатшы:



Қ. Қаратаев

М. Тунгишбаев

М. Абуова





